

«Мектепке жасына дейінгі балалар үшін ойынның маңыздылығы қандай?»

Р.Д.Абылғазина

Педагогикалық шеберлік орталығының
(Өскемен қаласындағы филиалы)
аға менеджері
Өскемен қ.

К.А.Кузембаева,

Педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері
Нұр-Сұлтан қ.

«Ғалымдардың айтуынша: «ойын - балалар өмірінде өте маңызы зор нәрсе, үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыны да сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да, көбінесе, сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер, ең алдымен, тәрбиені ойын арқылы алады»-деп балалардың ойынын жоғары бағалаған екен. Өйткені ойын үстінде баланың ынта жігері, оқуға деген қызығушылығы артып қана қоймай отанға деген сүйіспеншілігі қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балаларға ойынның қай түрін қарастырсақта ойынның өзіндік мақсат, міндеттер мен тәрбиелігі орасан зор. Себебі ойын – маңыздылығы және бала үшін жауапкершілігі мол істердің бірі болып табылады. Егер біз белгілі бір ойынды ұйымдастырып оны тек балаларды тыныштандыру немесе уақытты өткізу ретінде пайдалансақ, одан баланың жан жақты болуына бөгет жасауымыз мүмкін сондықтанда ұйымдастырушы әр қашанда. Қандай ойын алып қарастырсақта, ол негізгі мақсат, міндеттерге жұмысалуы керек, себебі ойын баланы ой өрісін, шығармашылығын, есте сақтау қабілетін, қиялын, сөздік қорын дамытады. Ойын үстінде бала бір бірімен қарым-қатынасы, адамгершілігі бірге, оның бойындағы көптеген жақсы қасиеттер қалыптасып, білім дәнін бойға білдіртпей сіңіреді. Ойындардың қай - қайсысы болсада баладан төзімділікті, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, шеберлікке, сонымен –бірге толып жатқан жақсы қасиеттерді ұштастырады.

Жалпы ойын баланың қызығушылық - танымдық іс - әрекеттің қозғаушы күші болып табылады.

Сондықтанда баланы ойынға деген қызығушылығын арттыру үшін ойын түрлерін қолданудың тиімді. Тиімді қолданылған ойынның ерекшелігінің түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған, көрнекі құралдардың барлығы бала оны ынта жігермен тыңдап, толық ойынның мазмұнын ұғуға тырысады. Өйткені балалардың көңілі көбінесе ойынға көңіл бөліп отыратыны шындық. Әр тәрбиеші баланың қызығушылығын, ынта жігерін арттыру үшін ұйымдастырған оқу іс – әрекеттерінде, ертеңгіліктерде, іс-шараларда қызықты ойын түрінен қолдана білсек, бала тез сергіп, тапсырманы тырысып әрі сапалы орындайтын болады. Ол үшін тәрбиеші әр қашан да ойынға қойылатын төмендегі әдістемелік талаптарды

біліп, сонымен қос күн кестесіне еңгізіп бос уақытта немесе серуенге шыққанда балаларға ойынның түрлерін жетілдіру қажет екенің естен шығармауымыз керек. Сондай –ақ қазіргі кезде қолға алнып жатқан үлгілі бағдарламада айтылған 4 К модель –да осы ойынға үлкен әсері бар.**4К** •Креативтілік •Командада жұмыс істеу•Коммуникативтілікті дамыту •Сыни ойлау осы 4К моделін қай бөлігін талдап қарастыратын болсақ, баланың ой –өрісін, жан –жақты дамуына, заманауи тұрғысынан ойын әрекетінде өзіндік ерекше орыны бар. Ойынды ұйымдастырмас бұрын тәрбиеші ойынға қойылатын көрсетілген талаптар мен, әдіс тәсілдерді біліп, оны жүзеге асырып отыруы тиіс

1. Ойын баланың жас ерекшелігіне сай болу керек
2. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекі құралдар алдын ала бала санына дайындалып, қойылуы керек
2. Балаларға ойынды ойнатпас бұрын, ойын ережесімен және жүру тәртібін көрсетіп түсіндірілгені жөн.
3. Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз етуі керек.
4. Ойынның жүру барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, командада жұмыс істей білуін, сыни тұрғысынан шешім қабылдай білуіне, жағдай жасауы керек.

Қорыта айтатын болсақ Ұлы ақыны А.Құнанбаев:«Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»- демекші, баланың өмірінде ойын арқылы алар орыны, мәні мен мағынасы тәрбиесі мен білімі ерекше екен ұмытпауымыз керек. Ойынның алуан түрлері бар. Ойынның бала үшін ең тиімді ойындарды ала отырып балаға ойын арқылы адамгершілікке, ибалыққа, достыққа, сыйластыққа, мейірімділікке т.б қасиеттердің барлығын сіз бен біз балаға дұрыс ойын әрекеттерін ұйымдастырып немесе дұрыс бағыт бағдар бере білсек, ойын үстінде осы қасиеттерді бойына сіңдіріп өскен ұрпақтың болашағы жарқын болмақ.

Әдебиеттер

1 Wagner T. The Global Achievement Gap: Why Even Our Best Schools Don't Teach the New Survival Skills Our Children Need – And What We Can Do About It. – Basic Books, 2008.

2 Мектепке дейінгі тәрбиелеу оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысы 15.03.2021. Электронды ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137> (сайт 10.09.2021 ж. қаралды).

3 Танирбергенова А.Ш., Карагозина М.И. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – ел болашағының кепілі. //Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана, 2019. №6. – Б.34-40.

4 Энштейн А. Цитаты известных личностей. Электронды ресурс: <https://ru.citaty.net/tsitaty/472316-albert-einshtein-voobrazhenie-vazhnee-chem-znaniia-znaniia-ogranicheny/> (сайт 10.09.2021 ж. қаралды).

5 Peter Nilsson, www.senseandsensation.com/2012/03/taxonomy-of-creative-design.html

6 Whitebread, D. with Babilio, M., Kuvalja, M. and Verma, M. (2012). The importance of play. Written for Toy Industries of Europe (TIE). University of

Cambridge Faculty of Education. [Online]. Available at: <https://tinyurl.com/n8v82jd> (Accessed: 13 June 2018).

7 Фребель педагогикасы. Электронды ресурс.
<https://spielgaben.com/comparison-froebel-montessori-reggio-waldorf-part-1>
(Spielgaben, 2013) Comparison among Froebel, Montessori, Reggio Emilia and Waldorf-Steiner Methods - Part1 (сайт 10.09.2021 ж. қаралды).